

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика
академиясы
қоғамдық пәндер кафедрасы**

Тақырыбы: Дін және теология



Орындаған:
Тобы:
Қабылдаған:

Жоспар:

Кіріспе

- **Негізгі бөлім:**
 - **Дін туралы жалпы түсінік**
 - **Дін және ғылымның айырмашылығы.**
 - **Дін және мәдениет**
 - **Теология түсінігі. Дін мен теологияның арақатынасы.**
 - **Қорытынды**
 - **Пайдаланған әдебиеттер.**
-

Кіріспе.

Коммуналдық гигиена пәні адам организміне елді мекеннің табиғи және антропогендік факторларының әсерін зерттеу, сондай-ақ тұрғындардың денсаулығы мен қолайлы өмір сүру жағдайын қамтамасыз ететін шаралар мен нормативтерді өңдеу болып табылады. Басқаша сөзбен айтқанда, бұл – елді мекен гигиенасы, яғни қалалар мен ауылдық жерлердің (commune –община, қауым; поселение, елді жер, халықты орын; французша). Коммуналдық гигиена ғылыми пән ретінде елді мекен жағдайында сауықтыру шараларын өмірге енгізуде, санитарлық заңдылықтар бекітуде санитарлық қызметтің практикалық іс-әрекеті үшін негізгі қызмет атқарады

- **Дін** – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы **Құдайға** сенімі.
- **Ислам** философиясының түсіндіруінше, дін дегенііз – **әлемді** байланыстыратын күш **Алланың** барлығына сенім. **Ислам** тұжырымдамасы бойынша, рухани жетілу сатысының бірінші деңгейінде тұрған адамның алғашқы махаббаты, таза құлшылығы, қорқынышы **Аллаға** арналады



Ислам (араб.: الإسلام — **Аллаға** мойынсұну, бағыныштылық) — Аллаһтың адамзатқа жіберген ақырғы діні саналатын дін. Ислам діні ұстанатындардың саны жағынан **Христиан дінінен** кейінгі орынды алып, әлем халқының 20% құрап, қазіргі таңда 1.62 миллиард адам өздерін мұсылмандыққа жатқызады. Ислам **VII ғасырының** басында **Арабия түбегінде** тарала бастаған. Ислам дінін қазіргі таңда **Солтүстік Африка, Таяу Шығыс, Орта Азия, Оңтүстік-Батыс Азия** аумағындағы халықтың көпшілігі ұстанады. **Батыс Еуропаның, Ресейдің, Үндістанның** халқының едәуір бөлігі мұсылмандарға жатады. Әлемнің 120-дан астам елінде мұсылман қауымдары бар.



Дін туралы түсінік

Ислам діні Аллаһтан Жәбірейіл періште арқылы Мұхаммед пайғамбарға صلی الله علیه وسلم түсірілген аян болып табылады. Бұл дін алдыңғы пайғамбарлар — Нұх (Ной), Ибраһим (Авраам), Мұса (Моисей), Дәуіт (Давид), Сүлеймен (Соломон), Иса (Иисус) және т.б. Аллаһтың пайғамбарларына берілген аянға сенім мәселесінде бірдей болып, Мұхаммед пайғамбар صلی الله علیه وسلم олардың жолының жалғастырушысы болғанмен, Ислам дінінің құлшылыққа қатысты өзіндік шариғаты бар. Исламда бұрынғы пайғамбарларға берілген кітаптар мен заңдар өзгеріске түсіп, оларға еру мүмкін емес саналады. Исламның басты қасиетті кітабы — Құран (араб.: القرآن — оқу, көп оқылатын кітап деген мағына береді), онда Аллаһ Тағаланың адамзат баласына ақ пен қараның, надандық пен адамдықтың ара жігін ажырату үшін белгілеген өмір сүру тәртібі көрсетілген. Құраннан кейін Ислам дінінің екінші қайнар көзі Сүннет — Мұхаммед пайғамбардың صلی الله علیه وسلم әрекеттері мен сөздері туралы сахабалардан жеткен хабар (хадис) түрінде осы күнге шейін жеткен

Дін және ғылымның айырмашылығы

Ғылымның діннен басты айырмашылығы, ғылым кез келген аксиомаларға, теорияларға күмәнмен қарай алады. Яғни күмәннен қорғалған ештеңе жоқ. Сондықтан да, ғылым тарихында бұрын дұрыс деп келген кез келген теорияның қате болғандығын көрсете алады. Дін, өз кезегінде, күмән келтіре алмайтын, тексеріле алмайтын, адамның санасына түсініксіз, тек жоғары күштерге белгілі, догмаларға негізделеді. Дін ақиқатқа толықтай монополия орнатады, зерттеп немесе тексеруге мүмкіндік бермейді. Ғылымның табиғаты динамикалық, яғни үнемі қозғалыста болып келеді. Қоғам мен табиғатты зерттеуде бірге дамып отырады. Ал енді дін болса консервативті, статикалық болып табылады. Яғни қоғаммен бірге даму емес, бұрын қалай болса, солай қалдыру, Қоғам даму барысында сәйкессіздіктер болса, оны адасқандық деп жариялайды. Ғылым үнемі ізденіс үстінде, дәлелденген факттерге де күмәнданып, қайта қарастыра алады. Дінде бұлай жасауға мүлдем тиым салынған. Егер бір мәселеге күмәндансаңыз адасқан немесе діннің жауы деп айыпталуыңыз әбден мүмкін. Ғылым үнемі ізеністі, оқуды талап етеді. Сондықтан да ғылыммен айналысу көпшілікке шектеулі. Ал дін кез келген адамға тиімді, тек сенім болса жеткілікті.



Дін және мәдениет

Тарихи жадыға тиеселі адамзат тарихының өн бойына көз жүгіртер болсақ, онда діндарлықтың адамзат тарихын басынан аяғына дейін толық қамтып жатқандығын көреміз. Қаншама рет діннің ақыры келді деген сөз айтылса да ол қазірдің өзінде әлемдік өмірдің негізгі қалыптастырушы факторларының бірі болып табылады. Діннің халықтар өміріндегі алатын орнының зорлығы соншалықты діндердің негізін түсінбей жатып сол діндерді ұстанатын халықтардың мәдениеті туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Дінді сипаттау оңай жұмыс емес. Біздің ойымызша, діннің анықтауыш қызметі оның әлеуметтілікті қалыптастыруында, яғни адамдар қарым-қатынасын реттеуде болса керек. Өйткені тіпті «религия», сөзінің этимологиялық бастапқы мәнінің өзі де «біріктіру», «байланыстыру», «қатынасты қалыптастыру» дегенді білдіреді. Дін адамдардың бірлестігін және ұйымдастығын қалыптастырушы идеологиялық механизм. Діннің мазмұны әлеуметтік мәні бар негізгі құндылықтарды қасиетті деп танудан тұрады.

Теология (гр. *theos* - Құдай және гр. *logos* - ілім, сөз) - Құдай жайлы дін ілімі. Теология ұғымын зерттеушілердің дені теистік діни ілімдермен байланыстырады. Теология ұғым ретінде христиан діні келгенге дейінгі Платон еңбектерінде де кездеседі. Платон бұл ұғымды өзінің Құдай жайлы ілімінде қолданбаса да, филос. тұрғыдан талданатын мифологияға байланысты қолданған. Кейіннен теология термині Гомер, Гесиод, Орфейдің поэмаларына қатысты қолданылып, оларды теолог деп атады. Аристотель теология терминімен «Бірінші философиясы» атап, оны Құдайлық мәңгілік заңдылықтарды зерттейтін жоғары дәрежедегі теориялық ілім деп таниды.



Стойктер теологияның үш тегін бөліп көрсетті: ақындықпен байланысты мифологиялық теология, философиямен байланысты физикалық теология, ресми дін өкілдері мен заңгерлерге қатысты саяси теология христиандықтың әртүрлі ағымдарының догматтарында да бұл терминді жиі қолданды.

Бірқатар христиан апологеттері антик. философия мен теология арасында қарама-қайшылық жоқ деген пікірде болды. Теология жайлы аристотельдік түсінікті және нанымға негізделген діни сенімді үйлестіруге болады деп білді. Ал қайсыбір апологеттер бұған қарсы болып, осы тақырыптағы пікірталас ұзаққа созылды. XIII ғасырда теология - Құдай және оған сенім жайлы жүйелі ілім деген ұғым қалыптаса бастады.

- Еліміздегі философия ғылымдарының дін саласымен шұғылданатын бағыттары даму үстінде. Соңғы жылдары дін философиясы, дінтану, дін тарихы және социологиясы салаларында ғылыми еңбектердің жарық көруі, диссертациялардың қорғалуы қуантарлық жағдай. Ал, аталмыш ғылыми еңбектерде теологиялық және тарихи материалдардың жиі қолданылатыны назар аудартады. Біздіңше, бұл діндерді зерттеудің, діннің онтологиясын түсінудің ең басты қажеттіліктерінен туындайды.

Алдымен, дінтану ілімі мен теологияның ара қатынасын анықтап алайық: «Дін философиясы» сөзінің философиялық әдебиеттерге қосылуы соңғы ғасырлардың жемісі. Ол, Г.В.Ф. Гегелдің (Georg Hegel, 1770-1831) «Дін философиясы туралы конференциялар» атты еңбегі 1832 жылы жарық көрген соң пайда болған. Философтардың діннің философиясы туралы ой қозғаулары үшін алдымен дін ғылымдары уә өзге де ғылымдар (антропология, этнография, социология, психология, филология т.т.) белгілі даму деңгейіне жетуі керек болған сияқты.

Антикалық философия тұсында христиандық және ислам сияқты дамыған діндердің болмауы салдарынан Платон (м.б. 427-347) кейде «тәңір», ал кейде «тәңірлер» десе, Аристотель (м.б. 384-322) Құдайға қоса субстанцияны да мәңгілік санаған.

Философиялық дінтану негізінен мына мәселелермен де шұғылданады:




1-) Метафизикалық және космологиялық проблемалар (И. Кант, Г.В. Ф. Гегель).

2-) Діннің негізгі қағидаларын эпистемологиялық талдау, сынау (Людвиг Витгенштейн (Ludwig Wittgenstein, 1889-1951), Ян Барбур (1923-), Томас Кун (Thomas Kuhn, 1922-1996)).


3-) Дін тілін логика (мантиқ) және герменевтика тұрғысынан қарастыру (Поль Рикёр – Paul Ricoeur, 1913-2005).

4-) Діннің этика, өнер және ғылыммен ара қатынасын анықтау (Г.М. Андреева (Galina Andreeva, 1924-), Г. Геффдинг (Харальд Геффдинг, Harald Hoffding, 1843-1931)).

5-) Діни символизмнің мән-мағынасын анықтау (Люсьен Леви-Брюль (Lucien Levy-Bruhl, 1857-1939), Мери Дуглас (M. Douglas, 1921-), У. Томпсон (William Herworth Thompson, 1810-1886), Наталия Львовна Жуковская).



Философиялық дінтану ілімі теологиядан кейін ең көп «діндер тарихынан» нәр алады. Тарихшылардың еңбектері болмаса философтар не туралы ойланып, не туралы пікір өндірімек? Өйткені, тарихшылар құдды социологтар мен психологтар сияқты діни уақиғаларды суреттейді, оларды түсіндіре отырып, кейбір нәтижелерге жетуді мұрат етеді. Сондықтан, философиялық дінтанумен шұғылданатын ғалымдар тарих және теологиядан үнемі материал жыйнақтап отырады. Бұл өте заңды, түсінікті жағдай.



Осы тұрғыдан алғанда, дінтану уә дін философиясы салаларындағы зерттеулерде теология және тарих материалдарының мол келтірілуі әбден түсінікті, тіпті қажетті жағдай. Дегенмен, бізде дінсіз қоғамның салқын ызғары әлде де болса байқалады. Дін дегенге үрке қарайтындарымыз да бар. Дінді зерттейтін ғылым саласында діннің болмысы мен мәнін айқындайтын деректердің келтірілуінің өзіне жатырқай қараушылық бар. Біздіңше, елімізде дін ғылымдары бірте-бірте дамып, нығайған сайын, діннің қоғамдағы рөлі күшейген сайын, дінге деген «аллергияның» бұлты сейілмек, бұрмалаушылықтар азаймақ.

Дін жайлы түсінік

Тарихи жадыға тиеселі адамзат тарихының өн бойына көз жүгіртер болсақ, онда діндарлықтың адамзат тарихын басынан аяғына дейін толық қамтып жатқандығын көреміз. Қаншама рет діннің ақыры келді деген сөз айтылса да ол қазірдің өзінде әлемдік өмірдің негізгі қалыптастырушы факторларының бірі болып табылады. Діннің халықтар өміріндегі алатын орнының зорлығы соншалықты діндердің негізін түсінбей жатып сол діндерді ұстанатын халықтардың мәдениеті туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Дінді сипаттау оңай жұмыс емес. Біздің ойымызша, діннің анықтауыш қызметі оның әлеуметтілікті қалыптастыруында, яғни адамдар қарым-қатынасын реттеуде болса керек. Өйткені тіпті «религия», сөзінің этимологиялық бастапқы мәнінің өзі де «біріктіру», «байланыстыру», «қатынасты қалыптастыру» дегенді білдіреді. Дін адамдардың бірлестігін және ұйымдастығын қалыптастырушы идеологиялық механизм. Діннің мазмұны әлеуметтік мәні бар негізгі құндылықтарды қасиетті деп танудан тұрады. Мәдениеттегі діннің рөлін әрбір мәдениеттің жүйе құрастырушы факторы деп анықтауға болады.



Мұның нақты мысалдары да жоқ емес. Ислам шарифаты саласында заң ғылымдарынан докторлық, кандидаттық қорғаған зерттеушілерді айтсақ жеткілікті. Сол секілді, соңғы жылдары суфизм әдебиеттері мен философиясын, дін тарихын, христиандық пен буддизмді зерттейтін ізденушілер кандидаттық және докторлық қорғауда. Басқа ғылым салаларында шарифаттың, теологияның материалдары еркін қолданылуда. Сондықтан, дінтану мамандығы бойынша қорғалып жатқан диссертацияларда тақырып қажеттілігінен туындаған деректердің келтірілуі объективті деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер

Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. [ISBN 9965-32-491-3](#)

- Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010 [ISBN 9965-26-322-1](#)
 - Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет. [ISBN 9965-822-10-7](#)
 - www.google.kz
 - www.yandex.ru
-



**Назарларыңызға
рахмет!!!**